

Список литературы

- 1 Кустанай-Костанай: очерки истории [Текст]: 2 т. (с 1936 по 2013 годы) / под ред. И.К. Тернового. – Костанай: ТОО «Костанайполиграфия», 2013. – 2 том. – 800 с.
2 Терновой, И.К. История Костанайского государственного педагогического института [Текст] / И.К. Терновой, К.М. Баймырзаев, А.Ш. Ибатулин. – Костанай: [б.и.], 2009. – 504 с.

Материал поступил в редакцию: 07.09.2017

ВОЛКОВ, С.В., КИФИК, Н.Ю.

ФАКУЛЬТЕТИНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Бұл мақалада дене шынықтыру, спорт және туризм факультетінің қалыптасу кезеңдері туралы ақпарат беріледі, факультеттің негізі қаланғаннан бастап, факультеттің бастауында тұрған тұлғалардың еңбектері бейнеленген.

Мақалада кәсіби және қоғамдық қызметте айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген факультет түлектеріне баса назар аударылған.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: факультет тарихы, қалыптасу кезеңі, факультет түлектері, қалану, даму, кафедра, факультет жетістіктері.

VOLKOV, S.V., KIFIK, N.YU.

HISTORY OF FORMATION OF FACULTY PHYSICAL CULTURE, SPORT AND TOURISM

In article there is a speech about stages of formation of faculty of physical culture, sport and tourism, since the moment of foundation of faculty, there is a speech about people who stood at the origins of faculty. Considerable attention in article is paid to the graduates of faculty who have achieved considerable results in professional and public work.

Keywords: history of faculty, formation stages, graduates of faculty, basis, development, department, achievements of faculty.

ӘОЖ 376.1

Ерекин, А.М.,

Қостанай қаласы физика-математикалық бағытындағы НЗМ педагог- ұйымдастырушысы

Ермаганбетова, А.Ж.,

ҚМПИ оқытушысы,

гуманитарлық ғылымдар магистрі

Хамзина, К.Б.,

ҚМПИ аға оқытушысы,

педагогика ғылымдарының магистрі

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін

Мақалада Алаш-Орда қайраткерлерінің саяси көзқарастарына сүйене отырып, бүгінгі күнгі жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің мәні ашылған. Сонымен қатар, Алаш қайраткерлерінің идеологиясының астарында қазақ халқының әлеуметтік бостандығы емес, ұлттық мәселелер жатқандығы көрсетілген.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: Рухани жаңғыру, «Алаш» идеясы, ұлттық патриотизм, ұлттық рух, «Алаш» партиясы.

«Басқалардан кем болмас үшін біз білімді,
бай һәм күшті болуымыз керек.
Білімді болуға – оқу керек!
Бай болуға – кәсіп керек!
Күшті болуға – бірлік керек!
Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!»

А. Байтұрсынов

Мемлекетіміздің өзіне және болашақ тәрбиеленушілеріне жеке тұлғалық – гуманды позицияны ұстаушы, білгір де білікті мамандарды даярлауға деген қажеттілігі бірнеше өзекті мәселелерді қозғайды.

Осындай өзекті мәселенің бірі – еліміздің ертеңі – жастардың бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыру мәселесі. Мұның айғағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» - деп атап көрсетілген [1].

Осы орайда, «Алаш» идеяларының бәсекеге қабілетті, сауаттылығы жоғары ел болудың алғашқы іргетасы болғанын көреміз. «Алаш» партиясы өмірге келген кезінен бастап, ғылым-білім үйренуге, болашаққа зор көңіл бөлген.

Алаштың Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, Х. Досмұхамедұлы және т.б. біртуар асыл азаматтары ұрпақ тәрбиесі, ұлт болашағы жолында бостандық идеясын ұсынды, ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етті. Бүгінде, «Алаш қозғалысы» болашақ жастар үшін батырлықтың, елдік пен Отанына адал қызмет атқарудың символы.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде «Алаш» идеясын ұстану, ұлттық сана-сезімді ояту мен ұрпақтар сабақтастығы.

Бағзы заманнан бері «Керегеміз ағаш, ұранымыз алаш» ұраны, бүгінде біртұтас ұлт болуымыз бен татулығымызды жаршысы бола алды. Оған дәлел ретінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» – деген болатын [2].

Кезінде, қозғалыс көшбасшысы А. Байтұрсынов маса болып халықты оятуы, М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» деп жар салуы, Ә. Бөкейхановтың тіл тазалығы жолындағы құнды пікірлері біздің рухани байлығымыздың бір парасы ғана. Мақсаты айқын, болашаққа аяғын нық басқан, болашақтың бағытын болжаған, ата-баба арманы орындалып, бүгінде сауатты, елін, жерін сүйетін, санасы биік, ақыл парасаты жоғары ұл қыз тәрбиелеу бүгінгі күнгі өзекті мәселеге айналып отыр.

Жастардың бойына патриоттық тәрбиені сіңіруде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деген болатын [3]. Мемлекет басшысы негізгі түсінік ретінде қалыптастырған «ұлттық» деген сөздің өзі бүгінгі күні «ұлттық сана», «ұлттық идея», «ұлттық рух» болып қалыптасып отыр. Санының ашықтығы мен әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани жаңғыруымыздың өзегі болмақ. Мақалада көрсетілген «Қазақстанның киелі жерлер географиясы», «Туған жер» бағдарламаларын жүзеге асыру жаңа ғасырдағы ел тарихын танып білу мен ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Қазақстандық патриотизм – өткені мен болашағын байланыстырып, жас ұрпақтың бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Ұлттық патриотизм – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақ-

тан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Жастарға ұлттық патриоттық тәрбие беру білім беру ұйымдарында кең көлемде жүргізілуі тиіс.

Жастар – қоғам айнасы, сол ұлттың болашағы деп қарасақ, жасөспірімдердің тамыры тереңде жатқан қазақ тарихының өткені мен болашағын білу, өз елінің келешегі мен қаһармандарын мақтаныш ету патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Олай болса, жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеуде, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» – деген болатын [1]. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, ұстаздар қауымына артылар жүк ауыр. Жасөспірімдердің оқу және оқыту үрдістерін ғана ұйымдастырып қоймай, жастар болашағына асқан жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Қазақстандық патриотизмнің негізін қалыптастыру – мемлекеттің және барлық азаматтардың экономикалық өмірі мен қауіпсіздік жағдайын жасау болып табылады.

Жастарға ұлттық патриоттық тәрбие беру білім мекемелерінде кең көлемде ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы НЗМ-дегі әр шаңырақтағы оқушыларға және жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халық педагогикасы негізінде тәрбие беруде рухы жоғары ұрпақ тәрбиелеудің айқын көрінісі. Өйткені егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі басты назарда болуы тиіс.

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Ұлттық педагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілік пен дамып, қалыптасады. Ұлттық педагогика-өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан жастарымыз ұлттық патриотизммен сусындасын десек, ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді насихаттай білейік. Ұлттық тіл, ұлттық әдеп-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындардың барлығы патриотизмді қалыптастырудың құрамдас бөлігі саналады.

Жасөспірімдер бойына қоғамдық-саяси сауаттылықтың негіздерін қалыптастыру, олардың заңдылықты, қоғамдық өмір нормаларын қастерлеуге, біздің халқымыздың тарихи өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсету рухында тәрбиелеу егемен, тәуелсіз ел үшін – қажеттілік. Отанға деген сүйіспеншілік, салт-дәстүрі мен жан байлығын сақтау, Қазақстанда өмір сүретін ұлттар мен ұлыстарға құрметпен қарау, қазақ тілін дамыту және т.б қазақстандық патриотизмнің басты компоненттері болып табылады.

Жасөспірімдердің бойына патриотизмді қалыптастыруда атқарылып жатқан істер аз емес. Оның басты мақсаты, жастар бойына елімізге деген ыстық сезімді ұялату. Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, жасөспірімдердің рухани азығына айналып отыр.

Жасөспірімдер бойында патриоттық сананы қалыптастыру түрлі бағыттарда әртүрлі іс-шаралар арқылы қалыптасады. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс аға буындарының ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет. Мұның басты ой-пікірі Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын [4].

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануды қажет етеді.

Оқыту үрдісінде әрбір сабағымыз құндылық бағдардан бастап жастар санасына сіңіріп отырсақ, отбасы институтында да бұл үрдіс дәстүрге айналып отыруы тиіс. Себебі патриот-

тық тәрбие мәңгілік тақырып. Ата-бабаларымыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен еліміздің шекарасын бекітіп, Алаштың ардақты азаматтары ұлттық сананы оятып, ызғарлы желтоқсанда тәуелсіздігімізді сақтап қалу жолындағы Отанға деген ыстық сезімнің болуының өзі патриоттық тәрбие қанымызға сіңген қасиет екендігінің айқын дәлелелі және ол еш жерде жазылмаған ұлы дала заңы еді.

Қазіргі заманда біздің халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруды ынталандыру болып табылады. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмі қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен анықталады.

Патриотизм санмен өлшенбейді және адамдарды біріктіретін туған еліне деген адал қызмет пен шынайы сезімнен көрініс табады. Олардың ішіндегі ең бастысы-әр адамның өзінің туған Отанына адал қызмет етіп, елінің гүлденуіне септігін тигізу.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің басты өзегі болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры жасөспірімдерді патриоттылыққа бағдарланған тұлға тәрбиесіне негізделеді. Сондықтанда, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің қажеттілігі ғана емес, әрбір жасөспірімдердің құндылықтар жүйесіне бағытталуы бүгінгі күні кезек күттірмес өзекті мәселе. Өйткені, егеменді еліміздің болашағы – сауатты, саналы, рухы биік парасатты ұрпақ тәрбиелеу басты мақсатымыз.

Әдебиет тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Мәтін] // Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.

2 Назарбаев, Н.Ә. Тарих толқынында [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: [б.ж.], 1999. – 172-173 бб.

3 Назарбаев, Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Астана: [б.ж.], 2017.

4 Назарбаев, Н.Ә. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: «Білім», 1998. – 92 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 4.10.2017

ЕРЕКИН, А.М, ЕРМАГАНБЕТОВА, А.Ж, ХАМЗИНА, К.Б ПРОБЛЕМЫ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

В статье рассмотрены особенности формирования патриотического воспитания современной молодежи, опирающегося на политические взгляды деятели Алаш-Орды, а также показано, что в основе идеологии алашской интеллигенции лежали вопросы национального, а не социального освобождения казахского народа.

Ключевые слова: *модернизация, патриотизм, идея «Алаш», национальный патриотизм, национальный дух, партия «Алаш».*

YEREKIN, A.M., YERMAGANBETOVA, A.ZH, KHAMZINA, K.B.
PROBLEMS OF PATRIOTIC EDUCATION OF MODERN YOUTH

In the article features of formation of patriotic education of modern youth are considered basing on political views of figures of Alash-Orda, and also it is shown that at the heart of ideology of Alashian-intelligency there were questions of national, but not social liberation of the Kazakh people.

Keywords: *modernization, patriotism, «Alash» idea, national patriotism, national spirit, the consignment «Alash».*

УДК 82.0

Жаркова, В.И.,
*кандидат филологических наук, доцент
Костанайского государственного
педагогического института,
г. Костанай, Казахстан*
Ахатова, А.М.,
*учитель русского языка и литературы,
ГУ «Славянская средняя школа»,
Карабалыкский район, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ПРОСТРАНСТВО В ПЬЕСЕ А.П. ЧЕХОВА «ЧАЙКА»

Аннотация

В статье рассматривается художественное пространство в пьесе Чехова «Чайка», раскрывается понятие художественного пространства, его основные виды. Обращается внимание на степень разработанности темы в историко-литературной науке. Утверждается, что пространство в драматургии великого классика строится с учетом мифопоэтической традиции, имеющей устойчивое структурное оформление.

Ключевые слова: *художественное пространство, мифопоэтическая традиция, ирреальное пространство, реальное пространство, структура, мотив.*

1. Введение.

Понятие художественного пространства существенно значимо для филологического анализа художественного текста, так как оно является одним из основных принципов организации литературного произведения. Художественное пространство – пространственные границы, создаваемые автором в художественном произведении; воссоздание места, где происходит действие; важнейшая композиционная составляющая.

Категория художественного пространства делится на два основных типа: реального художественного пространства и ирреального пространства. Реальное пространство описывает существующий или когда-то существовавший мир действительности. Исследователи И.Р. Гальперин и З.Я. Тураева выделяют

- 1) *объективно представленный мир*, когда говорящий (рассказчик, «образ автора») повествует от 3-го лица;
- 2) *субъективный мир*, когда говорящий выступает от 1-го лица с включением образных пространственных измерений.

Ирреальное пространство направлено на описание несуществующих миров, созданных в воображении художника. Оно не может быть полностью вымышленным и закономерно включает в себя предметы и понятия реального мира, подчас изменённые авторской фантазией до неузнаваемости.